



БҮЙРЫҚ

2024 № 15, 08

Астана каласы

ПРИКАЗ

№

320

город Астана

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының 2023 жылға
арналған аудиттелген жылдық қаржылық
есептілігін бекіту және таза пайдасын бөлу туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасына және 178-бабының 3-тармағына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендер мен үйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 3 хаттамасына, «ЦЕНТР-АУДИТ S&M» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәуелсіз аудиторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 15 тамыздағы № КГИП-01-КГ/7760 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2023 жылдың қорытындысы бойынша алынған 5 732 072 095 (бес миллиард жеті жүз отыз екі миллион жетпіс екі мың тоқсан бес) теңге 39 тиын мөлшеріндегі таза пайдалы келесідей бөлінсін:

4 012 450 466 (төрт миллиард он екі миллион төрт жүз елу мың төрт жүз алпыс алты) теңге 77 тиын сомасындағы 70 (жетпіс) пайызы республикалық бюджеттің пайдалына Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендер төлеуге жіберілсін;

1 719 621 628 (бір миллиард жеті жүз он тоғыз миллион алты жүз жиырма бір мың алты жүз жиырма сегіз) теңге 62 тиын сомасындағы 30 (отыз) пайызы Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. 2023 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшері Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда 31 392 (отыз бір мың үш жүз тоқсан екі) теңге 64 тиын есебінде бекітілсін.

4. Қоғамның Президенті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтердің республикалық бюджетке аударылуын;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде аудиттеген жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізетін ұйымға жолдануын және бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептілігінің жариялануын;


3) осы бұйрықты қабылданған күнінен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрықтан туындастын өзге де шаралар қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі**



О. Анафин

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрінің
2024 жылғы 15 тамыздағы
№ 320 бұйрығына
қосымша

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының 2023 жылға арналған
аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі**